

Ойын бизнесі субъектілеріне салық салудың жеңілдетілген режимі туралы нұсқау

Күшін жойған

Бекітілді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс Министрі 1999 жылғы 19 мамыр N 519. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 28 мамырда тіркелді. Тіркеу N 780. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

40. "Ойын бизнесі субъектілеріне салық салудың оңайлатылған режимі туралы" Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы 519 V990780_ бұйрығы. -----

Осы нұсқау Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235_ заң күші бар Жарлығы 138-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген және ол ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың патент негізінде салықтарды төлеудің тәртібін белгілейді.

I . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Ойын бизнесіне патент - ойын бизнесі саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды (резидент еместерді қоса) және жеке тұлғалар үшін жеңілдетілген салық режимін белгілейтін құжат.

2. Қосылған құнға салықты, ойын бизнесіне акциз бен табыс салығын біріктіретін бекітілген жиынтық салық патент құнына енеді.

3. Патент негізінде ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын

заңды және жеке тұлғалар үшін осы Нұсқаудың 1.2. тармақтарында аталғаннан басқа, салықтарды, алымдарды, төлемдерді және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерді төлеудің қолданылып жүрген тәртібі сақталады.

4. Осы Нұсқауда мынандай негізгі ұғымдар қолданылады:

ойын бизнесі - кіріс алу үшін мақсаты құмарлық ойындар мен бәс тігуді ұйымдастыру және өткізу болып табылатын кәсіпкерлік қызмет;

ойын үйі - құмарлық ойындар өткізілетін және (немесе) бәс тігуге ставкалар қабылданатын орын: казино, тотализатор, букмекер кеңсесі, ойын автоматтары залы мен өзге де ойын үйлері (орындары);

бәс тігу - тәуекелге негізделген және екі немесе бірнеше жеке тұлғаның да, заңды тұлғаның да арасында жасалған ұтыс туралы келісім, ол ұтыс болатыны не болмайтыны белгісіз жағдайға байланысты;

ойын столы - ұтыстың кез келген түрі бар құмарлық ойынды өткізуге арналған ойын үйінде арнайы жабдық, оған ойын үйі өзінің өкілдері арқылы тарап ретінде немесе ұйымдастырушы және (немесе) байқаушы ретінде қ а т ы с а д ы ;

ақшалай ұтысы бар ойын автоматы - ойын үйінде орналастырылған және ақшалай ұтысы бар құмарлық ойындарды, аталған ойындарға ойын үйі өкілдерінің қатысуынсыз өткізу үшін пайдаланылатын арнайы жабдық (механикалық, электрлендірілген, электронды және өзге де техникалық жабдық);

касса - ставкалардың жалпы сомасы ескерілетін және төлеуге жататын ұтыс сомасы айқындалатын, ойын үйіндегі (тотализатордағы немесе букмекер мекемесіндегі) арнайы жабдықталған орын.

2 . Т ө л е у ш і л е р

5. Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды (резидент еместерді қоса) және жеке тұлғалар ойын бизнесіне патент негізінде салық төлеушілер болып табылады.

3. Ойын бизнесіне бекітілген жиынтық салықты е с е п т е у б а з а с ы

6. Ойын бизнесінің мынадай объектілерінің саны ойын бизнесіне бекітілген жиынтық салық үшін есептеу базасы болып табылады:

ойын үйі өздерінің өкілдері арқылы тарап ретінде қатысатын құмарлық ойын өткізуге арналған ойын столдарының;

ойын үйі өздерінің өкілдері арқылы ұйымдастырушы және (немесе) бақылаушы ретінде қатысатын құмарлық ойын өткізуге арналған ойын

с т о л д а р ы н ы ң ;

ақшалай ұтысы бар ойын автоматтарының;
тотализаторлар кассаларының;
букмекер мекемелері кассаларының.

7. Ойын бизнесі объектілерінің әрбір түрінің жалпы саны ойын жабдығының есебін тіркеу кәртiшкесін міндетті түрде бере отырып салық төлеушінің тіркелу орны бойынша салық органдарында міндеті түрде тіркелуге жатады (2-қосымша)

8. Ойын жабдығын есепке алудың тіркеу кәртiшкесін алу үшін салық төлеуші салық органына белгіленген нысанда өтініш береді (1-қосымша). Егер салық салу объектілері бірнеше жерде (ойын залдарында, букмекер мекемелерінде) орналасқан болса, өтініште олардың мекен-жайы, жиынтығында жалпы өтініш берілетін санға сәйкес келуге тиіс түрлері мен саны көрсетіледі.

9. Ойын жабдығын есепке алудың тіркеу кәртiшкесінің түпнұсқасы салық төлеушіде, көшірмелері объектілердің орналасқан жері бойынша ойын үйлерінде с а қ т а л у ы т и і с .

10. Салық төлеуші ойын үйіндегі ойын бизнесі объектілерінің әр түрінің жалпы саны өзгерген жағдайда сол оқиғаны олар белгіленген немесе табылған күннен бастап 5 күн ішінде салық органында тіркеуге тиіс. Мұның өзінде сол ойын үйінің жұмысы тоқтамайды.

11. Салық органдары ойын бизнесі объектілерінің жалпы санының өзгергені туралы салық төлеушіден жазбаша өтініш алған сәттен бастап 5 күн ішінде ойын жабдығын есепке алудың тіркеу кәртiшкесін беруге міндетті.

4. Ойын бизнесінің салық салу объектілеріне бекітілген жиынтық салықтың мөлшері

12. Ойын бизнесінің әрбір объектісіне белгіленген жиынтық мөлшері " Республикалық бюджет туралы" заң тиісті жылға белгілейтін айлық есепті көрсеткішке есе мөлшерінде белгіленеді.

Патент құнының мөлшері жылына мыналарды құрайды:
ойын үйі тарап ретінде қатысатын, құмарлық ойындарды өткізуге арналған әрбір ойын столы үшін 800-ден 1200-ге дейінгі айлық есепті көрсеткіш;
ойын үйі өздерінің өкілдері арқылы ұйымдастырушы және (немесе) байқаушы ретінде қатысатын, құмарлық ойындарды өткізуге арналған әрбір ойын столы үшін 50-ден 100-ге дейінгі айлық есепті көрсеткіш;
ақшалай ұтысы бар әрбір ойын автоматы үшін 30-дан 50-ге дейінгі айлық е с е п т і к ө р с е т к і ш ;
тотализатордың әрбір кассасы үшін 500-ден 700-ге дейінгі айлық есепті

к ө р с е т к і ш ;

букмекер мекемесінің әрбір кассасы үшін 100-ден 300-ге дейінгі айлық есепті к ө р с е т к і ш .

Ойын бизнесінің бір объектісінен бекітілген жиынтық салықтың нақты мөлшерін салық органының басшысы бекітеді. Мұның өзінде бір қала ішіндегі салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін бекітілген жиынтық салықтың жеке мөлшерін енгізуге тыйым салынады.

13. Бекітілген жиынтық салықтың есептелген сомасы былай бөлінеді: ҚҚС - бекітілген жиынтық салықтан 20 %; Ойын бизнесіне акциз - ҚҚС алынып тасталғаннан кейін бекітілген жиынтық салықтан 20 %. Табыс салығы - ҚҚС алынып тасталғаннан кейін бекітілген жиынтық салық пен ойын бизнесіне акциздің қосындысы. 5. Ойын бизнесіне бекітілген жиынтық салықты есептеудің тәртібі мен төлеу мерзімдері

14. Бюджетке енгізуге жататын салық сомасын салық төлеуші ойын бизнесінің тіркелген объектілерінің саны мен салық ставкаларын басшылыққа алып өз бетімен белгілейді. Есепті әрбір ойын бизнесі объектісіне, тіркелген ойын бизнесі объектілерінің санына және бекітілген жиынтық салық мөлшеріне байланысты, салық органы белгілейді. Салық төлеушілер есепті ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-не дейін ойын бизнесі объектілері мен олардың тұрған жерін көрсете отырып өзінің тіркелген жері бойынша салық органына тапсырады (3-қосымша). Бекітілген жиынтық салықты төлеу ай сайын, жылдық сомадан тең үлеспен, есепті айдың 20-на дейін жүргізіледі.

М ы с а л :

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші ойын үйі аумағында құмарлық ойындарды өткізу үшін 15 ойын столын ұстайды, оған ойын үйі өзінің өкілдері арқылы тарап ретінде және ақшалай ұтысы бар 20 ойын автоматы ретінде қатысады.

Аумақтық салық органы қаржы органдарымен келісім бойынша ойын бизнесі объектілеріне мынандай ставкалар белгілеген:

- ойын үйі өзінің өкілдері арқылы тарап ретінде қатысатын құмарлық ойындарды өткізуге арналған ойын столына жылына 800 айлық есепті көрсеткіш;

- ақшалай ұтысы бар ойын автоматтарына жылына 30 айлық есепті көрсеткіш

Сөйтіп, бюджетке төлеуге жататын салық сомасы мынандай болады:

Ойын столдары бойынша салық сомасы мынандай болады:

$$A E K \quad x \quad 800 \quad x \quad 15 = \quad H \quad 1 ;$$

Ойын автоматтары бойынша салық сомасы мынандай болады:

$$A E K \quad x \quad 30 \quad x \quad 20 = \quad H \quad 2 .$$

Бюджетке төлеуге жататын белгіленген жиынтық салықтың ай ішіндегі жалпы сомасы мынаны құрайды: $(H_1 + H_2)$: 12.

*) Бұл жерде АЕК - салықты төлеу кезіндегі айлық есепті көрсеткіш.

15. Ойын бизнесінің жаңа объектісі ағымдағы айдың 15-не дейін жұмысқа қосылған кезде бекітілген жиынтық салық ағымдағы толық ай үшін, 15-нен кейін - ағымдағы айдың жартысы үшін есептеледі.

16. Ойын бизнесі объектісі күнтізбелік ай ішінде шығып қалғанда төленген салықты қайта есептеу жүргізілмейді.

6. Патент берудің тәртібі

17. Ойын бизнесіне патент, егер осы Нұсқаудың 7, 8 тармақтарында көзделген шарттар орындалса, салық төлеушінің тіркелген орны бойынша бір ай мерзімнен бастап бір салық жылына дейін беріледі.

Патент нысанын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бірыңғай болып т а б ы л а д ы .

18. Егер салық төлеуші айналысамын деп ниет білдірген қызмет Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 12 сәуірдегі N 2200 Z952200_ заң күші бар Жарлығына сәйкес лицензияланатын болса, онда аталған Жарлықтың 7-бабының 1-тармағына сәйкес лицензия алғаннан кейін осындай қызметпен айналысуға Патент беріледі.

19. Салық төлеушілер ойын бизнесін жүзеге асырған кезде ойын бизнесіне жатпайтын кәсіпкерлік қызметтің басқа түрлері бойынша кірістер мен шығыстарды біріктіре алмайды. Аталған салық төлеушілер қызметтің бұл түрінің кірістері мен шығыстарының есебін жеке жүргізуге және олар бойынша салықтар мен міндетті төлемдерді Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес т ө л е у г е м і н д е т т і .

20. Патент алу үшін салық төлеуші тіркелген жері бойынша аумақтық салық органына ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты, салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТТН), тұрған жері, банк мекемелерінде ашылған банк шоттары көрсетілген, тіркеу үшін өтініш тапсырады.

21. Салық органдары берілген Патенттерді арнайы Есеп кітапшаларында есепке алуға міндетті. Есеп кітапшалары тігілген, нөмірленген және мөрмен бекітілген болуы тиіс. Кітапшада мынадай негізгі мәліметтер көрсетіледі: ұйым басшысының тегі, аты және әкесінің аты немесе ұйымның атауы, оның тұрақты тұратын жері, салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТТН), ойын бизнесінің әрбір түрінің саны, банк мекемелерінде ашылған банк шоттарының нөмірлері, қызмет түрі, Патенттің күшінде болу мерзімі, нөмірі, салық органына берілген күні.

22. Ойын бизнесі объектісі кіргенде немесе шыққанда Патент кері шақырылмайды, ал кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орны өзгерген жағдайда Патентке өзгерістер енгізіледі.

23. Патентке қатаң есептегі құжат ережесі қолданылады. Патент ешкімге берілмейді, оны басқа адамға беруге тыйым салынады.

24. Патент жоғалған жағдайда салық органы оған Патенттің дубликатын б е р е д і .

7. Салық төлеушілердің жауапкершілігі

25. Осы Нұсқаудың талаптарын бұзғаны үшін салық төлеушілер Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ заң күші бар Жарлығына және "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақ КСР Кодексіне сәйкес жауап береді.

26. Егер ойын үйінің қызметі лицензиялауға жататын болса, бірақ ол лицензиясыз жүзеге асырылса, онда лицензиясыз қызметтен алынған кіріс толық көлемінде бюджетке алуға жатады. 27. Салық салудың тіркелмеген объектілері болған жағдайда (егер сол сәтте салық комитетіне тіркеу туралы өтініш берілмесе) немесе салық төлеуші салық төлеудің мерзімін сақтамағанда олар ойын бизнесіне Патентті кері шақырып алу үшін негіз болып табылады. 1 Қосымша _____ бойынша Салық органының Салық органына төлеушіден мөртабаны (таңбасы) _____ 199 ___ ж. "___" ___ _____ (атауы, СТТН, мекен-жайы) алынды Құмар ойындар бизнесі объектілерін есепке алған тіркеу карточкасын беру туралы өтініш Құмар ойындар бизнесі объектілерін есепке алған тіркеу карточкасының тізбеге сәйкес келісіп беруіңізді сұраймын: _____

_____ N№ ! Объект түрі ! Саны ! Салық сомасы ! Тұрған жері р/н ! ! ! ! (объектілердің ! ! ! ! мекен-жайы) _____ ! _____ ! _____ ! _____ ! _____ Жиынтығы: _____

_____ Біз осы өтініште көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен растығы үшін заң алдында жауап береміз. Басшы _____ (қолы) Бас бухгалтер _____ (қолы) 199 ___ ж. "___" _____ 2 Қосымша Ойын жабдықтарын есепке алуды тіркеу карточкасы _____ берілді _____

_____ X (төлеушінің атауы, СТТН, мекен-жайы) көрсетілген төлеуші _____ бойынша Салық органында іс жүзінде тіркелді. Құмар ойындар бизнесінің объектілер саны мынадай: _____

_____ М.О. Салық органының басшысы _____ (аты-жөні, қолы) 3 Қосымша _____ бойынша Салық органының Салық органына төлеушіден мөртабаны (таңбасы) _____ 199 __ ж. " __ " _____ (атауы, СТТН, мекен-жайы) алынды Белгіленген жиынтық салық Есебі _____ үшін (кезең) _____

_____ № ! Объект түрі !
Саны !Салық ставкасы! Салық сомасы !Тұрған жері р/н ! ! ! ! (объектілердің ! ! !
! ! мекен-жайы) _____ ! _____ ! _____ ! _____ ! _____ !
_____ ! _____ ! _____ ! _____ ! _____ !
_____ ! _____ ! _____ ! _____ ! _____ !

_____ Біз осы өтініште көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен растығы үшін заң алдында жауап береміз. Басшы _____ (қолы) М.О. Бас бухгалтер _____ (қолы) _____ (орынд. аты-жөні, телефоны) 4 Қосымша Құмар ойындар бизнесін жүзеге асыруға Патент _____

берілді (ойын атауы) СТТН _____
_____ Мекен-жайы _____
Қолданылу мерзімі _____ дейін Кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асырылатын орны: _____
_____ Патентті _____

бойынша салық органы берді. М.О. Салық органының басшысы _____
Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.